

«М.А.Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана». - 2023. - Т.І, Ч.І.- Б. 209-212.

№ ӘОЖ 378.1:005.6(045)

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ІШКІ БІЛІМ САПАСЫН БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Абдукаримова А.К., 2 курс магистрант

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Қазақстан Республикасында басқа да күнделікті өзекті мәселелермен қатар білім беру сапасына, соның ішінде жоғары білім беру сапасына көп көңіл бөлініп келеді. Президент Қ.К.Тоқаев 2022 жылдың 11 қаңтарындағы Парламент Мәжілісінің отырысындағы баяндамасында басты назарды еліміз үшін маңызды мәселелермен қатар білім беру мәселелеріне, соның ішінде, әсіресе сапалы жоғары білім алуды қолжетімді етуге аударды. Біздің ойымызша, бұл шаралардың барлығы, сайып келгенде жоғары оқу орындары арасындағы әділ бәсекелестікті қамтамасыз етуі тиіс және олар білім беру сапасын арттыруға өз үлесін қосады. Білім және ғылым министрлігі мен барлық деңгейдегі білім беру ұйымдары мамандар дайындау сапасын жоғары деңгейлі халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес болуы бағытында тиімді жұмыстар жүргізіп келеді.

Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде Сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығының (ESG) басты мақсаты барлық мемлекеттер мен барлық мүдделі тараптар арасында оқыту сапасын қамтамасыз етудің жалпы ұғымдарына ықпал ету болып табылады. Олар Жоғары білімнің еуропалық кеңістігі (EHEA) және халықаралық ынтымақтастық аумағында сапаны қамтамасыз етудің ұлттық және институционалдық жүйелерін дамытуда маңызды рөл атқарды және атқара бермек. ESG-ді жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз етудің ішкі және сыртқы жүйелері үшін анықтамалық құжат ретінде жоғары оқу орындары және сапаны қамтамасыз ету агенттіктері қолданады. Сонымен қатар, осы стандарттар сапаны қамтамасыз ету агенттіктерін тіркеуге жауапты және ESGталаптарына сәйкес Сапаны қамтамасыз етудің еуропалық тізілімінде (EQAR) де қолданады. Қолданылу салалары мен ұғымдары ESG жоғары білім берудегі сапаны ішкі және сыртқы қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығының жиынтығы болып табылады. ESG-дің негізгі назары жоғары оқу орындарында оқыту мен білім берудің, оқу ортасы мен ғылым және инновациямен тиісті байланысты қоса алғандағы сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының ғылыми зерттеу мен басқару

сияқты өзінің басқа да қызмет түрлерінде сапаны қамтамасыз ету мен жақсарту үшін саясат пен процестерді қолданады.[1]

Жоғары білім беру бірнеше мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады: оның ішінде студенттерді белсенді азаматтық ұстанымға, болашақ мансапқа (мысалы, жұмысқа орналасуға көмек ету) дайындау, заманауи білімнің кең базасын құру, ғылыми зерттеулер мен инновациялық қызметтің ынталандыру. Сондықтан түрлі мақсаттары бар мүдделі тараптар жоғары білім беру саласындағы сапаны түрлендіріп қарастыра алса, ал сапаны қамтамасыз ету жүйесіне осы көзқарастарды назарға алуы тиіс. Бірнеше мағыналы анықтамасы бар сапа, ең алдымен оқытушылар, студенттер мен ЖОО-дағы оқу ортасы арасындағы өзара әрекеттестіктің нәтижесі болып табылады. Сапаны қамтамасыз ету бағдарламалардың мазмұны, білім алу мүмкіндіктері мен материалдық-техникалық базасы бағдарламаның мақсаттарына сәйкес келетіндей оқу ортасын қамтамасыз етуі тиіс.

ESG: мақсаттары мен принциптері

ESG-дің төмендегідей мақсаттары бар:

- олар оқыту мен білім беру саласындағы еуропалық, ұлттық және институционалдық деңгейлердегі сапаны қамтамасыз ету жүйелері үшін жалпы шеңберлерді анықтайды;

- олар Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде сапаны қамтамасыз етуге және жетілдіруге көмек береді;

- олар ұлттық шекараның ішінде және одан тыс шеңберде тану мен ұтқырлыққа көмек бере отырып, өзара сенімділікті қолдайды;

- олар Жоғары білімнің еуропалық кеңістігіне сапаны қамтамасыз ету туралы ақпаратты ұсынады.

Бұл мақсаттар ESG-ді сан алуан жолдармен оқу орындарының, агенттіктердің және мемлекеттердің түрлі көзқарастар негізінде қолдануы мен жүзеге асыруы мүмкін құрылымын белгілейді. ЖБЕК өзінің саяси жүйесінің, жоғары білім жүйесінің, әлеуметтік-мәдени және білім дәстүрлерінің, тілдерінің, талап-тілектерінің және күтілетін нәтижелерінің сан қырлылығымен сипатталады.

ESG Жоғары білімнің еуропалық кеңістігі сапаны қамтамасыз етуде төрт принципке негізделеді:

- жоғары оқу орындары өздері ұсынған білім қызметінің сапасы мен олардың сапасын қамтамасыз ету үшін жауапты;

- сапаны қамтамасыз ету жоғары білім жүйесі, оқу орындары, бағдарламалар мен студенттердің алуан түрлілігіне әрекеттеседі;

- сапаны қамтамасыз ету сапа мәдениетін дамытуды қолдайды;

- сапаны қамтамасыз ету студенттер мен барлық басқа мүдделі тараптардың және қоғамның қажеттіліктері мен күтетін нәтижелерін ескереді.[2], [3]

Жоғары оқу орындарының ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі келесі бағыттарда жұмыс атқарады:

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен бекітуге арналған рәсімдерді анықтайды. Білім беру бағдарламалары ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің

талаптарын ескере отырып, оқытудың болжамды нәтижелерін қоса алғандағы қойылған мақсаттарға сай келеді. Білім бағдарламасын меңгеру нәтижесінде алынатын біліктілік нақты анықталған және жоғары білім берудегі біліктіліктің ұлттық шеңберінің белгілі бір деңгейіне, Жоғары білім берудің еуропалық кеңістігіндегі біліктілік шеңберіне сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламаларына студентке бағытталған оқытудың үдерістерін енгізеді; оқытудың икемді траекторияларын әзірлеуді қамтамасыз етеді; уәждемені арттыруға және білім алушылардың оқу үдерісіне тартылуына жағдай жасайды; оқытудың нәтижелерін бағалаудың дәйектілігін және объективтілігін қамтамасыз етеді.

Білім алушыларды қабылдау мен шығарудың рәсімдерін, оқыту нәтижелерінің мониторингін, жоғары білім беру біліктіліктерін объективті тануды, оқыту кезеңдерін және алдыңғы білімді анықтайды, жариялайды және дәйекті түрде қолданады.

Оқытушы сапалы білім беруді қамтамасыз етуде және білім алушылардың білім, құзіреттіліктер мен дағдыларды меңгеруді қамтамасыз етуде шешуші тұлға болып табылады. ЖОО жұмысқа қабылдаудың, меритократияның принципіне сәйкес барлық қызметкерлердің кәсіптік өсуі мен дамуының айқын рәсімдерін анықтайды, жариялайды және қолданады.

Оқу ресурстарының және білім алушыларды қолдау қызметінің жеткілікті, қол жетімді және мақсаттарға тиісті болуын қамтамасыз етеді.

Оқу ресурстарын бөлу, жоспарлау және қамтамасыз ету кезінде университет білім алушылардың әр түрлі топтарының сұранысын ескереді. [4],[5]

Шынайы ақпарат шешім қабылдау кезінде қажетті шарт болып табылады. ЖОО өз қызметінің бағдарламаларымен және басқа бағыттарымен тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинау, талдау және пайдалануға арналған рәсімдерді анықтайды. Университет ақпараттың өлшемділігін, анықтығын, нақтылығын, мерзімділігін және толықтығын қамтамасыз етеді

ЖОО өз қызметі туралы, оның ішінде білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы ақпаратты жариялайды,. ЖОО әр түрлі топтардың нақты ақпараттық қажеттіліктерін анықтайды және ескереді. Қоғамға берілетін ақпарат айқын, дәл, объективті, өзекті және қол жетімді болып табылады.[6], [7]

Білім беру бағдарламаларын мониторингілеудің, мерзімдік бағалаудың және қайта қараудың рәсімдерін олар өз мақсаттарына жететінін және білім алушылардың және қоғамның қажеттіліктеріне жауап беретін кепілдендіру үшін анықтайды және дәйекті түрде қолданады. ЖОО білім алушылар мен жұмыс берушілердің, басқа стейкхолдерлерлердің бағдарламаларды бағалау және қайта қарауға қатысуын қамтамасыз етеді. ЖОО бұл үдерістердің нәтижелері тұрақты жетілдіру үшін қолданылатынына кепілдік береді. ЖОО барлық өзгерістердің жариялануын қамтамасыз етеді.

ЖОО білім беру бағдарламаларының тұрақты мониторингі, мерзімдік бағалауы және қайта қарастыруы оларды тиімді жүзеге асыру және

студенттер үшін ыңғайлы білім алу ортасын қалыптастыруды қамтамасыз етуді мақсат етеді.

Білім беру бағдарламаларына жүргізілген мониторингісі мен бағалаулары нәтижелері туралы жыл сайынғы баяндамасын өткізудің негізгі мақсаттары:

- білім беру бағдарламасын бағалау мен оны жетілдіруге көмек көрсету;
- білім беру бағдарламасына қойылған сыртқы талаптардың өзгергендігі жайлы ақпарат беру;

- білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын басқа ұйымдармен ойтұжырымдардың алмасуын қолдау;

- қазақстандық және шетелдік ЖОО білім беру бағдарламаларының мазмұнын үйлестіру;

- білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын жүрген ПОҚ-тың біліктілігін арттыру бағыттарын анықтау;

- сапаны қамтамасыз етудің сыртқы процедураларын өту бойынша ұсыныс беру;

- білім беру бағдарламаларын дамыту үшін стойкхолдерлермен кері байланыс түрлері мен мазмұнын анықтау;

- одан әрі кеңінен тарату үшін үздік тәжірибе мысалдарын анықтау болып табылады.

ЖОО әрдайым әр түрлі форматтарда сапаны сыртқы қамтамасыз етудің рәсімдеріне қатысады. ЖОО қоғамды сырттай бағалаудың нәтижелері туралы ақпараттандыруға кепілдік береді және оларды білім беру бағдарламаларын және қызметтің барлық түрлерін жетілдіру үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.[8], [9]

Қорытындылай келгенде қазіргі кезде жоғары білім беру мазмұнын қолжетімді, әрі сапалы білім беру тұрғысынан әлемдік беталыстар немесе үрдістер аясында жаңғырту міндеті негізгі стратегиялық құжат – «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына», сонымен қатар жоғары білім берудің Еуропалық кеңістігінің бірқатар өзекті құжаттарына бейімделуді қарастырады.

Біздің басты бағытымыз – ЖОО зерттеу және кәсіпкерлік университеттер айналдыру мақсатымен тікелей байланысты, ал ол мақсат өз кезегінде ел экономикасына қажетті мамандарды дайындау мен жас қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу жолында жоғары көрсеткіштерге жетуге мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру кеңістігінің үздіктер қатарындағы, ғылыми және материалдық әуелеті жоғары деңгейдегі, ұзақ жылдар бойғы тарихы барысында қалыптасқан салттары мен дәстүрлері бар, ең басты байлығы – бәсекеге қабілетті жоғары оқу орны болып табылады.

Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі. Тәуелсіз еліміз қанатын кере жайып, ел мәдениеті өркендеген қазіргі заманда тек білімді жастар ғана ұлтымызды асқақтатады, елімізді көкке көтереді. Қоғамның негізгі өзегі – жастар. Қазақстанның болашағы жастар еншісінде екенін ескерсек, сол

жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені анық. Саналы қоғамда білімді азаматтармен бірлесе өмір сүрген жастар өз бойында білімге деген құштарлық пен ізгі сезімдерді қалыптастыратыны сөзсіз. Сондықтан Қазақстанның жарқын болашағы тек білімді жастармен ғана қалыптаспақ.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. «Оқушылардың оқу жетістіктерін критералды бағалау жүйесінің әдіснамасы» «НМЗ»; Педагогикалық өлшеулер орталығы; Оқу әдістемелік құрал Астана, 2017ж.
2. НАОКО www.iqaa.kz
3. НААР <http://www.iaar.agency>
4. Proceedings - 2018 Ural Symposium on Biomedical Engineering, Radioelectronics and Information Technology, USBEREIT 2018/System of indicators for monitoring the activities of an educational institution/13 June 2018, Pages 179-182/Kumargazhanova, S.(a) , Erulanova, A.(a) , Soltan, G.(b) , Suleimenova, L.(a) , Zhomartkyzy, G.(a)
5. Aydoğan E. Kalite ve Güvenlik. — Ankara: Ayban Eğitim Danışmanlık Matbaacılık ve Yayıncılık, 2006. — S.
6. Ахметов Г. Мониторинг және бағалау. 38-43 б. «Қазақстан мектебі» 2/2005
7. Плаксий С. И. Качество высшего образования. М., 2003. С. 342.
8. К.Р. Касенов, Ә. Ж. Байсенгирова, Развитие систем менеджмента в Казахстане // Вестник КазНПУ. – 2017. URL <https://articlekz.com/article/18798>
9. Менеджмент качества в системе высшего образования: исследование терминологии СМК применительно деятельности вуза / С.Н.Цой, З.В.Хван «Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру туралы» атты Республикалық ғылымипрактикалық конференциясының жинақтары 28 қазан 2005 жыл / www.nich.tarmpi.kz